

Лингвистикадағы эксперимент әдісінің маңыздылығы

Жаратылыстану ғылымдарында кең қолданылатын эксперимент әдісі тіл білімінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап пайдаланыла бастады.

Латын тілінен енген «experimentum» сөзі табиғат пен қоғамдағы сан түрлі құбылыстарды бақылау жасау арқылы зерттейтін таным әдісі дегенді білдіреді. Яғни эксперимент бақыланатын нысан болған жерде ғана жүргізіледі. Тілтанымда эксперимент әдісінің негізгі нысаны адам болып табылады. Өйткені түрлі тілдік құбылыстарға қатысты зерттеулер адам факторымен тікелей байланысты:

- а) адам – тілді қолданушы, яғни тіл арқылы кодқа салынған ақпаратты жеткізуші;
- ә) тіл арқылы сол кодқа салынған ақпаратты қабылдаушы;
- б) адам – тілдік мәтінді жасаушы.

Эксперимент зерттеушінің өз тарапынан, сондай-ақ сырттан басқа бақылаушыларды тарту арқылы жүргізілуі мүмкін. Алғашқысы *интроспекция* деп аталады да, зерттеудің бұл әдісі зерттеушінің өзін-өзі бақылауына негізделеді. Яғни мұнда зерттеуші мен ақпарат беруші (информант) бір адам болып табылады. А.Е.Кибрик зерттеуші тарапынан жүргізілетін бақылаудың айқын және қалыптасқан зерттеу ұстанымдарына сай іске асырылған интроспекция әдісін де экспериментті деп есептеуге болатындығын айтады [1, 49]. Интроспекцияда экспериментті жүргізуші көздеген мақсатына жету үшін тілдік фактілерді өзінің ішкі интуициясы бойынша «сарапқа» салады.

Жалпы кеңестік тіл білімінде *эксперимент әдісі* термині Л.В.Щерба есімімен тығыз байланысты. Ғалым «О трояком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании» атты мақаласында лингвистикадағы эксперимент және оның тілдік мәселелерді шешудегі рөлін айта келе, бұл әдісті түрлі тіл деңгейлеріне (синтаксис, морфология және фонетика) қатысты қарастырады [2]. Мәселен, эксперимент әдісін фонетика саласында әр түрлі позициядағы дауысты дыбыстардың сандық қатынасын айқындауда маңызды әдістердің бірі деп санайды. Л.В.Щербаның көрсетуінше, лингвистикалық эксперимент қандай да бір лингвистикалық болжамды дәлелдеуде немесе жоққа шығаруда маңызды болып табылады.

Лингвистикада эксперимент әдісінің қолданылуындағы *екі бағытты* көрсетуге болады. *Біріншісі* – лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысынан, тоғысынан пайда болған психолингвистика, социоллингвистика, нейролингвистика салаларында қолданылуы. Бұл салаларда эксперимент әдісінің маңызы ерекше. Мәселен, сөйлеудің жүзеге асу процесін және сөйлеудің қалыптасуы мен оны қабылдауды, жалпы сөйлеу әрекетін адамның түйсігімен, психологиясымен сабақтастыра қарастыратын психолингвистика ғылымында зерттеу негізінен психологиялық эксперименттерге сүйеніп жүргізіледі. Бұл ғылым саласы сөйлеуді зерттеу нысан етіп алатындығы жағынан тіл ғылымына, ал оны зерттеудің әдісі жағынан психологияға жақын келеді. Сөйлеу процесі және сөйлеуді қабылдау мен түсіну секілді мәселелерді лингвистика психологияға қатыссыз өз бетінше шеше алмайды. Мысалы, сөз мағынасындағы түрлі құбылыстар мен сөздің келтірінді мағынасын қолдану, сөз мағынасының әлеуетін бағамдау сияқты құбылыстарды тілтанымда қарастыру психологияның ассоциация заңына негізделеді. Осымен байланысты психолингвистикада ассоциативтік эксперимент әдісі, семантикалық жіктелім (дифференциал) әдістері кеңінен қолданылады.

Ассоциативтік эксперимент әдісі сөздің психологиялық мағынасын зерттейтін, жеке тұлғаның тәжірибесі негізінде жинақталған ассоциацияларды анықтауға бағытталады. Эксперимент тірек сөзге байланысты ойға түскен барлық сөздерді жазып алуға негізделеді де, сол арқылы белгілі бір сөз аясына жинақталатын сөздер тобы айқындалады. Бұл

ассоциативтік өріс деп аталады. Адам санасында сөздің белгілі бір ұғымдар туралы түйсік тудыру қабілеті оның (сөздің) ассоциативтік әлеуетін көрсетеді. Сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас психолингвистикалық экспериментпен анықталады.

Ассоциативтік өріс құрамына талдау жүргізу нәтижесінде:

біріншіден, этностың дүниетанымы, психологиясы мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі жайында мол ақпарат алуға болады. Өйткені сөздер арасындағы ассоциативтік байланыс жеке тұлғаның, этностың дүниетанымымен, психологиясымен, ұзақ уақыт бойы жинақтаған тәжірибесімен тығыз байланысты;

екіншіден, сөздердің арасындағы ассоциативтік байланыстар мен сөздің ассоциативтік өрісі оның коммуникативтік әлеуетін айқындауға да мүмкіндік береді. Жалпы ассоциация тек тіл білімінде ғана емес, философия, психология да әр аспектіден қаралып келеді.

Философияда ой ассоциациясы зерттелсе, психологияда ассоциацияның психодиагностика мен психиатрияда қолданылуына көңіл бөлінеді. Ал лингвистикадағы ассоциацияның зерттелуі «ассоциация астарында жатқан сөз мағыналарының табиғи ерекшеліктерінің көрініс табуы» деген тұжырымға негізделеді.

Ал неврология мен лингвистиканың тоғысында пайда болған, сөйлеу әрекетін мимен, жүйке (нерв) жүйесімен байланысты қарастыратын нейролингвистикада да эксперимент әдісі шешуші рөл атқарады. Мұнда жүйке жүйесінің, сөйлеу мен есту ағзаларының зақымдануы және оның сөйлеу әрекетіне тигізетін кері әсері туралы ғылыми қорытындылар тек нақты бақылау нәтижелері арқылы ғана жасалады.

Екіншісі — дәстүрлі грамматикадағы тіл деңгейлері фонетика, морфология, сөзжасам, синтаксис салаларында тілдік норма, тілдік қатынас, сөйлеу тіліндегі ауытқулар, жаңа атаулар жасаудағы тілдік үлгілер сияқты түрлі тілдік мәселелерді, сондай-ақ аймақтық тілдік ерекшеліктерге қатысты кейбір мәселелерді шешу мақсатында қолданылады және тіл білімі үшін маңызды нәтижелер беріп келеді. Алғаш рет бұл әдіс тілдің фонетика саласында дыбыстардың айтылым механизмін зерттеумен байланысты қолданылды.

Эксперимент әдісі соңғы кездері семасиологияда да қарқынды қолданылып келеді. Семантикалық эксперимент жайында Ю.Д.Апресян, И.М.Кобозева, М.А.Кронгауз, В.В.Левицкий, И.А.Стернин еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Семасиологияда эксперимент бақылау негізінде қолданысы дұрыс деп танылған семантикалық болжамдарды дәлелдеуде немесе оны жоққа шығаруда қорытынды тұжырымдар жасау үшін қажет [3, 180].

Семасиологиядағы лексемалардың синонимдік қатарын анықтау, сөздерді лексика-семантикалық топтарға жіктеу, сондай-ақ сөздің көпмағыналық қырын оның мағыналық құрылымын айқындау арқылы көрсету және т.б. мағынаға қатысты мәселелерді шешудегі эксперимент әдісінің маңызды рөл атқарады. Бұл туралы В.В.Левицкий, И.А.Стернин еңбегінде жан-жақты айтылған [4].

Жалпы *семасиологияда эксперимент әдісі*:

- зерттеу нысанының жаңа қырларын айқындайтын семантикалық талдаудың қосымша құралы;
- интуитивті талдау нәтижелерінің шындыққа қаншалықты жанасымды екендігін тексеру құралы;
- дәстүрлі зерттеу әдістері арқылы түсіндіруге келмейтін кейбір тілдік құбылыстардың табиғатын, мәнін ашудың негізгі тәсілі;
- кейбір тілдік құбылыстарға талдау жасаудың бірден-бір жалғыз ғана құралы болуы мүмкін [4, 185].

Эксперимент материалдары қандай да бір семантикалық сипаттаманың шешімі емес, ол ары қарай өңдеу мен талдауды қажет ететін белгілі бір тұжырымдар жасауға негіз болатын тілдік материал ғана болып табылады. Тілдік бірліктің семантикасын зерттеуде негізгі әдіс *интроспекция* саналады. Мұнда зерттеуші-семасиолог нысан ретінде алынған

сөзбен байланысты өз санасындағы түрлі процестерге өзінің ішкі интуициясы бойынша бақылау жүргізіп, соның негізінде сөз мағынасына қатысты тұжырымдар жасайды. Бұл қорытынды тұжырымдар, сондай-ақ, сол сөзді бақылаушының қандай мағынада түсінетіндігі және қолданатындығы жайынан да ақпарат береді. Дегенмен, лингвист ғалымдар, бір жағынан, интроспекция қандай да бір болжамды тексерудің қысқа жолы екендігін мойындағанымен, екінші жағынан, оның субъективті сипатының басым болатындығын да жоққа шығармайды [5, 62-63].

Зерттеушінің өзінің ішкі тілдік интуициясына сүйене отырып жасалған тұжырымдары екінші адамның көзқарасы тұрғысынан дұрыс деп танылмауы да мүмкін. Интроспекциядағы субъективтілікті М.А.Кронгауз идиолект және тілдік интуиция мәселесімен байланысты түсіндіреді [6, 93].

Тілдік бірліктің семантикасына қатысты түрлі заңдылықтар тек зерттеуші-информант негізінде ғана емес, екінші бір адамды немесе топты информант етіп алу, оның сөз қолданысын бақылау арқылы жасалған эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып та жасалады.

Лингвистикалық экспериментте семантикалық болжамға қайшы келетін тілдік материалдар да маңызды. Ондай тілдік деректер сөздің басқа сөзбен тіркесуіне кедергі келтіретін сөз мағынасындағы мағыналық бөлшектерді (компоненттерді) айқындауға және сол мағынада қолданылмайтын мәнмәтін типтерін анықтауға мүмкіндік беретіндігімен құнды саналады.

Тілдік құбылыстарды немесе қандай да бір тілдік заңдылықтарды дәлелдеу немесе анықтау мақсатында эксперимент жүргізу қажет болса, онда оны жүргізуші адам үшін мынадай ақпараттардың қолдында болғаны абзал. Өйткені ақпарат беруші (информанттың) жасы, білім, ортасы, тілі деген мәселелердән барлығы да бір тұста тікелей, енді бір тұста жанама дереккөздер болып табылады. Сондықтан, жинақтап айтқанда, *информанттардың жалпы саны; жас мөлшері; эксперименттің жүргізілген уақыты; эксперимент материалдары, эксперимент мақсаты, эксперимент тапсырмасы* айқын болуы керек.

Эксперимент жүргізу арқылы бір тілде сөйлеуші (носитель языка) санасында қандай тіл бірліктерінің қандай тұлғада сақталатындығын айқындау, яғни сөйлеушінің тілдік санасына көңіл бөлу. Әрине, тілдік бірліктердің қолданысына қатысты материалдарды мәтіндер мен сөздіктерден де алуға болады. Бұл, біріншіден, дәл бүгінгі тілдік сананы көрсете алмауы мүмкін. Өйткені ол туындылар бұдан бірнеше жыл бұрын жазылған болуы да мүмкін. Екіншіден, көркем шығарма ол автордың сөз қолданысымен тікелей байланысты болып келеді.

Эксперимент материалдары, біріншіден, объективтілігімен ерекшеленеді; екіншіден, қазіргі таңдағы тілұстармандардың (тұтынушылардың) тілдік тұлғаларды қолдануын байқатады. Әрине, біріншіден, кез келген зерттеуде эксперимент материалдарына қандай да мәселенің нәтижесі деп емес, керісінше, белгілі бір сауалдарға жауап алудың бір жолы ретінде қарау керек. Алынған жауаптарға талдау жүргізе отырып, зерттеуші ғылыми тұжырымдар жасайды. Бұл айтылғандардың барлығы да лингвистика үшін эксперимент әдісінің тілді зерттеуде маңызды орын алатындығын айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Кибрик А.Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания. – М.: Изд-во МГУ, 1992. – 336 с.
2. Щерба Л.В. О трояком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании // Языковая система и речевая деятельность. –Л., 1974. – С. 24-39.
3. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. –М.: Эдиториал УРСС, 2004. – 352 с.
4. Левицкий В.В., Стернин И.А. Экспериментальные методы в семасиологии. – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1989. – 196 с.

5. Леонтьев А.А. Психолингвистический аспект языкового значения // Принципы и методы семантических исследований. – М.: Наука, 1976. –С. 46-73.

6. Кронгауз М.А. Семантика. – М.: Рос. гос. гум. ун-т, 2001. – 399 с.

Резюме

В статье рассматривается роль экспериментальных методов в лингвистике.

Resume

This article discusses the role of experimental methods in linguistics.

Özet

Makalede linguistik bilim dalındaki deneysel metod yoluyla incelemenin önemi üzerinde durulmuştur.

*Тілдің тіршіліктегі мәніне қазақ ежелоден көңіл бөлген.
Сондықтан да «өнер алды – қызыл тіл» дейді.*

С.Мұқанов
